

## Алматы қаласында "Ұлы жібек жолымен" II халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 17 қыркүйек N 140-ө

Алматы қаласында "Ұлы жібек жолымен" II халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін дайындау және өткізу мақсатында:

1. Алматы қаласында 2003 жылғы 23 - 25 сәуірде "Ұлы жібек жолымен" II халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін (бұдан әрі - Жәрмеңке) өткізу туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Қазақстанның баспагерлер және кітап таратушылар қауымдастығының ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қосымшаға сәйкес Жәрмеңкені дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) бекітілсін.

3. Ұйымдастыру комитеті бір ай мерзімде Жәрмеңкені дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі қазақстандық кітап шығару ісін мәшһүр ету мақсатында Жәрмеңкенің мәдени бағдарламасын және осы іс-шараның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

- 1) Жәрмеңке туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері мен халықаралық ұйымдар арқылы таратылуын;
- 2) Ұйымдастыру комитеті ұсынған тізімдер бойынша Жәрмеңкеге шетелдік

қатысушылардың келу және кету құжаттарын ресімдеуді қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жәрмеңке өткізілетін және оған қатысушылар тұратын жерлерде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етсін.

7. Алматы қаласының әкімі Жәрмеңкені ұйымдастырушыларға оның дайындалуы мен өткізілуіне жәрдем көрсетсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің

2002 жылғы 17 қыркүйектегі  
N 140 өкіміне  
қосымша

2003 жылғы 23-25 сәуірде Алматы қаласында  
"Ұлы жібек жолымен" II халықаралық кітап және  
полиграфия жәрмеңкесін дайындау және өткізу жөніндегі  
ұйымдастыру комитетінің  
ҚҰРАМЫ

Храпунов - Алматы қаласының әкімі, төраға  
Виктор Вячеславович

Асқаров - Қазақстан Республикасының  
Әлібек Асылбайұлы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігі Баспа және  
полиграфия істері жөніндегі  
департаментінің директоры,  
орынбасар

Баталова - Қазақстан баспагерлері мен кітап  
Элеонора Нығметқызы таратушылары қауымдастығының  
президенті, орынбасар  
(келісім бойынша)

Абдоллаева - "Атакентэкспо" халықаралық көрме  
Жанна Қалыққызы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің директоры (келісім  
бойынша)

Александров - Қазақстан полиграфистері  
Вячеслав Олегович қауымдастығының президенті (келісім  
бойынша)

Антоненко - Қазақстан Республикасының Сыртқы  
Андрей Иванович істер министрлігі Консулдық қызмет  
департаменті директорының  
орынбасары

Майкеев - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
Бағдат Әбдіқадырұлы министрлігінің Алматы қаласы Ішкі  
істер бас басқармасы бастығының  
орынбасары

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК